

Аудандағы жекелеген елді мекендердің шекараларын белгілеу туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 қазандағы N 25-185-IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 тамыздағы N 761 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 желтоқсанда N 14-7-109 тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 108-бабы 5 тармағына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 3) тармағына сәйкес Мақтаарал аудандық мәслихаты **ШЕШТІ** және Мақтаарал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның жер қатынастары мен сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің бірлескен ұсынысына сәйкес:

- 1) 0,55 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Аязхан Қалыбеков ауылдық округі Жамбыл ауылының жалпы ауданы 67,21 гектар;
- 2) 12,20 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бірлік ауылдық округі Алғабас ауылының жалпы ауданы 150,82 гектар;
- 3) 5,28 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бірлік ауылдық округі Еркінабад ауылының жалпы ауданы 60,80 гектар;
- 4) 20,05 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бірлік ауылдық округі Табысты ауылының жалпы ауданы 104,48 гектар;
- 5) 11,29 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Жаңажол ауылдық округі Достық ауылының жалпы ауданы 11,29 гектар;
- 6) 1,54 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Достық ауылдық округі Водное ауылының жалпы ауданы 12,12 гектар;
- 7) 5,0 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Достық ауылдық округі Бескетік ауылының жалпы ауданы 148,21 гектар;
- 8) 3,30 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Жолдасбай Ералиев ауылдық округі Ақжайлау ауылының жалпы ауданы 15,57 гектар;
- 9) 1,68 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Жолдасбай Ералиев ауылдық округі М.Әуезов ауылының жалпы ауданы 57,08 гектар;
- 10) 1,62 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Жолдасбай Ералиев ауылдық округі Жағажай ауылының жалпы ауданы 44,42 гектар;
- 11) 1,30 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Жолдасбай Ералиев ауылдық округі Жазықсай ауылының жалпы ауданы 61,01 гектар;
- 12) 2,53 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Жолдасбай

Ералиев ауылдық округі Жданов ауылының жалпы ауданы 125,76 гектар;

13) 5,67 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Жолдасбай Ералиев ауылдық округі Үтіртөбе ауылының жалпы ауданы 72,67 гектар болып б е л г і л е н с і н .

2. Осы бірлескен шешім және қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы: Ә.Асауов

Аудан Әкімі: Қ.Хаметов

Аудандық мәслихаттың хатшысы: Ж.Әбдәзімов